

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.318-321

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА БАСҚАРУ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сіркебай Ә.Қ., Утибаев Б.С.

Еліміздің экономикасында агроөнеркәсіптік (АӨК) кешен үлкен маңызға ие. Ол қоғам өмірінің көрсеткіші болып табылатын негізгі халық шаруашылығы кешенінің бір бөлігі. Оның мән-маңызы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде ғана емес, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына әсер етуінде және ұлттық өндірістің тиімділігінде жатыр. 30%-ға жуық халық шаруашылығы кешендерінің салалары аграрлық секторлармен өндірістік қарым-қатынас орнатқан. Елімізде өндірілетін тұтыну тауарларының 70%-ға жуығы ауылшаруашылығы шикізаттарынан өндіріледі. Өзекті мәселе бұл кешеннің кәсіпорындарды басқарудың жалпы жүйесінде АӨК дамуы шартында басқару есебін ұйымдастыру сұрақтары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі болды. Бұл әлеуметтік-экономикалық құрылымдардың дамуында басқару есебін құру дәрежесінің қызметінің маңыздылығы артуымен, сонымен бірге оның шаруашылық іс-әрекетін тек қана тиімді басқару емес, кәсіпорынның сәтті жұмыс жасап кетуімен түсіндіріледі [1].

Кәсіпорынды басқару – бұл көзделген мақсатқа жетуге бағытталған кәсіпорынның іс-әрекетін жұмылдыру және реттеу, сондықтан кез-келген басқару ақпаратты алу, түйсікпен түсіну және өңдеуден басталатынын байқауға болады. Ал бұл қызметтердің бәрін жүзеге асыру кәсіпорында басқару есебі болмайынша мүмкін емес. Басқару есебін XV ғасырда мүлік, пайда және капиталдың бірыңғай жүйесі ретінде бухгалтерлік есептің дамуының нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Мануфактуралық өндірістің пайда болуы және гүлденуі кезеңінде шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын анықтау қажеттілігі туындайды. Кәсіпорынның әкімшілігінің қаржылық есебін құрастыруға және салық салуға базаны ұсынуға арналған есептің акционерлік капиталының пайда болуына байланысты бухгалтерлік есептің жеке бағыты ретінде қалыптасты [2].

Ауылшаруашылық кәсіпорындарды басқару саласында негізгі қиыншылықтар басқару шешімін қабылдауға қажетті ақпараттың толық еместігінен туындайды. Кез-келген басқару шешімі есептік ақпаратты жинау және талдау арқылы алынатын сәйкес сенімді мәліметтерге сүйенуі қажет.

Қазіргі таңда біздің республикамызда көріп отырғанымыздай, экономиканың жекелеген салаларында басқару есебін ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар және оларға кешенді әдістемелік негіздер жоқтың қасы. Сондықтан, басқару ақпаратының болмауы салдарынан кәсіпорын өзінің мүмкін кірістерінің көлемін азайтады, жоспарланбаған шығындарын

арттырады, өнімнің өзіндік құны туралы мәліметтерді бұрмалайды және т.б. Осының барлығы ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігіне және рентабельділігіне әсер етеді.

Қазақстанның АӨК-де ауыл шаруашылығы өнімдерін жүргізудің тиімділігін арттыратын, жалпы салалар бойынша және жекелеген АӨК субъектілерінде дамудың тенденцияларының оң және теріс жақтарын бағамдайтын арнаулы ұйымдастырылған әр түрлі деңгейдегі ақпараттық басқару жүйесі әзірге жоқ.

Аталғандардың барлығы басшылық және жауапты адамдарға басқару шешімін қабылдау үшін қажетті ақпараттар мен мәліметтерді алуға мүмкіндік беретін негізгі инструмент басқару есебі деп тұжырымдауға негіз болады. Кәсіпорында басқару есебінің болуы берілген параметрлері бойынша келесілерді қамтамасыз ететін нақты әрі уақытылы ақпаратты қалыптастыратын бірыңғай ақпарат жүйесін құруға мүмкіндік береді:

- шаруашылық субъектілерінің басшыларының өз уақытында және тиімді басқару шешімдерін қабылдауы;
- бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстырмалы емес, бірақ басқару шешімін қабылдау үшін қажетті ақпараттық мәліметтер базасын құру;
- талдау жұмыстары үшін алынған мәліметтерді пайдалану;
- шаруашылық процестерінің маңызды жерлерін бақылау және мониторинг жасауды қамтамасыз ету;
- ұйымның жалпы мақсаттарына жету үшін әрбір адам өзі және қарамағындағы қызметкерлер үшін жауапкершілік алған кездегі қызметкерлердегі корпоративтік рухты дамыту.

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы кәсіпорындарында басқару есебінің болуы бірлі жарым сипатқа ие. Мұның барлығы ең бірінші мыналармен байланысты: біріншіден ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында шаруашылық іс-әрекетті жүргізу ерекшеліктеріне және қиыншылықтарына; екіншіден бухгалтерлік есепті жүргізудің салалық ерекшеліктеріне (басқару есебі мәліметтерінің көп бөлігі бухгалтерлік есеп мәліметтерінің негізінде қалыптасады); үшіншіден басқару аясындағы барлық өзгерістерге консервативті қарым-қатнас (аграрлық сектор басқарушыларының ұрпақтар сабақтастығы байқалады); ауыл шаруашылығында басқару есебінің оң қырлары мен мүмкіндіктері туралы қажетті ақпараттың болмауы. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында басқару есебін сауатты және тиімді ұйымдастыруға қабілетті мамандардың жетіспеуі [3].

Орын алған ситуациядан шығудың жолы келесі сұрақтарды шешу болып табылады:

- әлемдік экономиканың жаңа шарттарында батыстық тәжірибені, ресейлік, сонымен бірге кеңестік тәжірибені пайдалану және бейімдеу;
- ауылшаруашылық ұйымдарын басқару үшін қажетті жаңа есеп параметрлерін жасау, осы параметрлерді алу үшін жүйе құру, сонымен қатар қаржылық және басқару шешімдеріне бақылау жүргізу.

Тұрақты ақпараттық басқару жүйесін құру мәселесін шеше отырып, қазақстандық кәсіпорындар осы саланың бәсекелестігін арттыра алады, және оны ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарындағы динамикалық өзгеріс шарттарына тұрақты ете алады.

Бәсекелестікті арттыру тауар өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатылу көлемін арттыруға және ішкі нарықта өздерінің аумақтық позицияларын алуына мүмкіндік береді.

Басқару есебін ұйымдастыру негізінде қажетті есептік мәліметтерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін алғашқы ақпаратты жинау және өңдеудің ақпараттық дұрыс реті қойылуы қажет. Бұл мәліметтердің кешенділігі және олардың басқару шешімдерін қабылдау кезінде қолданылуы есеп объектілерінің шығындарын бақылауды қамтамасыз етуі қажет: өсімдік шаруашылығында – бұл ауыл шаруашылығы мәдениеті (мәдениеттер топтамасы), жануарлар шаруашылығында – бұл жануарлар топтамасы, сонымен бірге құрылымдық бөлімшелер бойынша және де кәсіпорын бойынша, сонымен бірге кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық іс-әрекетінің даму бағыттарын жоспарлау, бағалау және талдау жасау [4].

Кез-келген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында басқару есебін ұйымдастыру тек қана теориялық және практикалық дағдылар мен білімдерді қажет етіп қоймай, сонымен бірге әрбір ауыл шаруашылығы кәсіпорны өзінің «дені сау» және «ауру» жерлері бар «тірі организм» екендігін түсіну. Сондықтан, ең бірінші әлсіз жерлерді сауықтыру қажет, оларды тиімді жұмыс жағдайына келтіру қажет, және өндірістік циклдердің қандай да бір бөліктерінде басқарудың қай инструментін пайдалану қажеттігін анық сезіну керек.

Қазіргі кезде басқару есебі даму үстінде және оның кәсіпорынға қажеттілігі зор. Басқару есебін ұйымдастыру деңгейінің сапасы, басқарушының біліктілігіне ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының барлық салаларындағы болып жатқан шаруашылық процестері туралы ақпаратпен таныстығына да байланысты [5].

Сондықтан, кәсіпорында басқару жүйесін жүзеге асыру үшін келесі іс-шаралар ең үздік нұсқалар болып есептеледі:

- кәсіпорынның іс-әрекеті туралы толық ақпаратты білу қажет болғандықтан басқарушы буынның басқару есебі саласында біліктілігін мақсатты арттыру;

- тиімді шарт орнату арқылы басқару есебін ұйымдастыру бойынша тәжірибе жасайтын мамандарды тұрақты түрде тарту (өндіріс көлемін арттыру, өндірістік емес шығындарды азайту, басқару шешімін қабылдауды нақты негіздеу, қосымша материалдық және еңбек резервтерін жасау).

Нақты салалық бағыты бар кәсіпорындағы басқару есебін ұйымдастырудың басқа маңызды аспектісі белгілі бір типтегі жауапты орталықтарды құру. Қазіргі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында ең жарамды тип шығындар бойынша жауапты орталық болып табылады. Шығындарды құру есебі кез-келген ауыл шаруашылығы кәсіпорнының есеп

жұмысында үлес салмағы көбірек болады, сондықтан шығын түрлері бойынша жауапты орталықтарды анықтау кәсіпорынның бар ресурстарымен тиімді басқару бойынша қосымша резервтерді іздеуге мүмкіндік береді.

Ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарында ресурстарды пайдалануға жауапты орталықтар бухгалтерияның жетекші бөлімдерінің базасында құрылуына, ал өндіріске және басқаруға жауапты орталықтар – сәйкес өндірістік бөлімшелердің және қызметтердің сәйкес жауапты басшыларға бағынуы арқылы жасалуына болады [4].

Сонымен қатар, бюджеттеу сияқты басқару есебі әдісін пайдалануға назар аудару керек, себебі ол ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жетекшілеріне өз мүмкіндіктерін нақты өлшеп және оларды алынған нәтижелермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсатпен басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау және бақылау әдісі ретінде бюджеттеу процесінің қызметтерінің ерекшеліктерін зерттеу қажетті. Бюджеттеу операциялық бюджеттер құру, бюджеттің орындалуы туралы есептің көмегімен олардың іс-әрекетін бақылау, және бөлімшенің және толығымен кәсіпорынның қойылған мақсаттарына жетуі үшін өндіріс процестерінің қатысушыларын мотивациялау арқылы құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарын жоспарлаудан тұрады. Бюджеттеу кілттік уақыттық шығындарды бағалау, адрестеу және жұмылдыру болып табылады [3].

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бюджетті құру процесінде осы саланың спецификасын есепке алу қажетті, бұл отырғызу аудандарын, пайдаланылған аудандар саны, егістік жинау, ірі қара басының өсуі, оларды сауу, комбикорм және т.б. көрсеткіштерді жоспарлау қажеттігімен байланысты. Мұның барлығы мерзімдік ауытқушылықты (мысалы өсімдік шаруашылығында бір жылдың ішінде бірнеше рет еістікті жинау науқаны болуы мүмкін); салалық ерекшеліктерді (құс шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, жануарлар шаруашылығы, ара шаруашылығы және т.б.); климаттық және физиологиялық аспектілердегі түзетулерді (егістіктің шықпауы, құстардың немесе жануарлардың азаюы) және жоспарлы көрсеткіштердің нақты көрсеткіштермен салыстырғанда өзгеруіне айтарлықтай әсер ететін басқа да факторларды есепке алуға мүмкіндік беретін бюджетті құру кезінде қолданылады.

Демек, ауыл шаруашылық кәсіпорындарында басқару есебі жүйесін ұйымдастыру мен пайдаланудың өз алдында ерекшеліктері бар және сол ерекшеліктерді болашақ экономикалық жетістіктерге жету мақсатында толығымен есепке алу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нурмаганбетов К.Р., Нурмаганбетов К.К. Основные приоритеты развития агропромышленного комплекса Казахстана // Вестник Науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина. – Астана. - 2011. – № 2(73). – С. 26.
- 2 Шеремет А.Д., Николаева О.Е. Управленческий учет: Учебник/ Шеремет А.Д., Николаева О.Е. – 4-е изд., перераб. И доп.-М.:ИНФРА – М. 2009.-429 с.
- 3 Акашева В. В. Проблемы внедрения управленческого учета на сельскохозяйственных предприятиях/ В. В. Акашева, И. В. Трифонова, И. Г. Ельмеева // Экономика, управление, финансы: материалы III междунар. науч. конф. (г. Пермь, февраль 2014 г.). Пермь: Меркурий, 2014. С. 37–40.
- 4 Новоселова С. А. Организация управленческого учета на сельскохозяйственном предприятии / С. А. Новоселова, С. А. Складорова, Т. В. Леденева // Бухгалтерский учет, аудит и налоги: основы, теория и практика: Материалы III Всерос. науч. — практ. конф. / РИО ПГСХА.- Пенза, 2006.
- 5 Shuo, N (Shuo, Niu); Jian, D (Jian, Du), Yang, X; Xu, Q PROCEEDINGS OF THE 2015 INTERNATIONAL CONFERENCE ON ECONOMY, MANAGEMENT AND EDUCATION TECHNOLOGY. Journal of Advances in Social Science Education and Humanities Research, tom 29; page 140-142, published: AUG 29-30, 2015.